

«КЕЛІСІЛДІ»  
«Qazaq kuresi»  
Ассоциациясының  
Бас директоры



Е. Мырзабосынов  
«    » 2022 жыл

«БЕКІТЕМІН»  
Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі  
«Ұлттық ғылыми-практикалық  
дене тәрбиесі орталығы»  
Бас директоры



С.Садықов  
«    » 2022 жыл

**Қазақ күресінен 2006-2007 ж.т. (ұлдар мен қыздар)  
оқушылар арасындағы Халық қаһарманы Рахымжан  
Қошқарбаевты еске алуға арналған республикалық  
жарысын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы  
2022 жыл

**1. Қазақ күресінен 2006-2007 ж.т. (ұлдар мен қыздар) оқушылар арасындағы Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевты еске алуға арналған республикалық жарысын өткізу ережесі**

**2. Мақсаты мен міндеті.**

- Қазақ күресін мектеп оқушылары арасында кеңінен насихаттау және бұқаралық сипатын арттыру;
- жастар мен жасөспірімдердің денсаулығына арттыруға, олардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене тәрбиесі мен бұқаралық спорт жүесін дамытуға ықпал жасау;
- талантты жас спортшыларды іріктеуге бағытталған жұмыстарды мақсатты түрде іске асыру.

**3. Орны мен мерзімі.**

Жарыс 2022 жылдың 18-21 қазан күндері Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі.

**4. Спорттық жарысты өткізу жүйесі.**

Жарыс жекелей кездесу жүйесімен және командалық жүйемен өтеді.

Жарысқа төмендегі салмақ дәрежелері бойынша өткізіледі:

- ұлдар: 46, 50, 55, 60, 65, 70, 76, 82, +82 кг
- қыздар: 36, 40, 44, 48, 52, 56, 60, 65, +65 кг.

**5. Қатысушы ұйымдар.**

Жарысқа облыс және республикалық маңызы бар қалалардың құрама командалары және басқа спорттық ұйымдар қатыса алады.

Жарысқа жалпы басшылық жасауды ҚР Оқу ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі—ҰҒПДТО) жүзеге асырады

**6. Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және басқа да қатысушылардың сандық құрамы.**

Әр командада міндетті түрде бір өкіл, бір төреші болуы шарт. Төрешісі жоқ команда жарысқа жіберілмейді. Қатысушылар санына шектеу жоқ.

**7. Спортшылардың жынысы мен туған жылы.**

Жарыс 2006-2007 ж.т. (ұлдар мен қыздар) оқушылар арасында өтеді.

**8. Нәтижелерді бағалау жүйесі.**

Жарыс нәтижесі медаль санымен шығарылады.

**9. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету.**

Жарыс кезінде спортшылар мен жаттықтырушыларға медициналық көмек көрсету қызметін «ҰҒПДТО» бұйрығымен бекітілген медициналық бригада атқарады.

#### **10. Допингке қарсы қамтамасыз ету.**

Жарысты допингке қарсы қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 18 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Допингке қарсы қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Барлық спортшылар Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (WADA) кодексінің ережелерін сақтауы керек. Егер спортшылар допингке қарсы кодексті бұзса, WADA кодексінің нормаларына сәйкес жазаланады. Спортшы допинг-сынамадан бас тартқан немесе келмеген жағдайда спортшы жарыстан шеттетіледі.

#### **11. Төрешілер алқасының сандық құрамы.**

Жарыстың төрешілер құрамын «ҰҒПДТО» бұйрығымен бекітілген төрешілер алқасына жүктеледі.

#### **12. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі.**

Турнирға өтінім 15-ші қазанға дейін [nnpcfk.sport@mail.ru](mailto:nnpcfk.sport@mail.ru) электрондық почтасына қабылданады.

Спортшының жеке басын куәландыратын төлқұжаты; жеке куәлік немесе паспорты, туу туралы куәлік болса оған қоса білім беру мекемесінен фото суретке мөрі басылған анықтама қажет.

Қазақ күресі ережесінде көрсетілген үлгіде жасалған, жарысқа жіберілгені жөнінде дәрігердің рұқсат мөрі қойылған, түпкілікті өтінім (2 дана) поштаға және келу күні хатшыға тапсырылады.

2006-2007 ж.т. кіші жасөспірімдер арасындағы жарысқа 2008 ж.т. спортшылар жарысқа дәрігердің рұқсаты бар қосымша анықтама арқылы жіберіледі.

*Ескерту: Әр командада міндетті түрде бір өкіл, бір жаттықтырушы, бір төреші болуы шарт. Төрешісі жоқ команда жарысқа жіберілмейді.*

#### **13. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары.**



Әр қатысушының аты жөні жарысқа қатысуға жарамдылығын растайтын және жарысқа жіберілгені жөнінде дәрігердің рұқсат мөрі қойылған түпкілікті өтінімде көрсетілуі тиіс.

Әр команда өкілі және төрешілері қазақ күресінің ережесін толық білуі тиіс.

#### **14. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі.**

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ҰҒПДТО-ның кубок, диплом және медальдарымен марапатталады.

#### **15. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау.**

Наразылық беру және оларды қарау тәртібі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен «Qazaq Kuresi» Ассоциациясы 2020 жылы бекіткен қазақ күресі ережесіне сәйкес жүзеге асады.

#### **16. Спорттық жарыстарға қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері.**

Қатысушы командалардың келу және қайту күндері 18-21 қазан.

#### **17. Өткізу тәртібі.**

Чемпионат, «Qazaq kuresi» Ассоциациясы бекіткен қазақ күресі ережесі бойынша өткізіледі.

Барлық қатысушылар (ұйымдастырушылар, спортшылар, команда өкілдері, төрешілер) өңірдегі эпидемиологиялық ахуалдың «қызыл», «сары», «жасыл» деңгейіне және өңірлік бас санитарлық дәрігердің қаулысының шартына сәйкес, коронавирусқа қарсы қажетті қауіпсіздік шараларды ескерулері тиіс.

Өңірдегі эпидемиологиялық ахуалдың және өңірлік бас санитарлық дәрігердің жарыс өту мерзімі кезінде бекіткен қаулысының шартына сәйкес, қажетті құжаттарды тапсырмаған қатысушылар жарысқа жіберілмейді.

Келесі құжаттар қажет болуы мүмкін – вакцина алғаны туралы электронды паспорты немесе келу күніне дейін мерзімі 3 күннен аспаған ПТР сынамасының теріс нәтижесі туралы анықтама.

| Жарыс бағдарламасы |             |                                                  |
|--------------------|-------------|--------------------------------------------------|
| 18 қазан           | 15:00-16:00 | Қатысушылардың келу күні және мандаттық комиссия |
|                    | 16:00-18:00 | Мандаттық комиссия, төрешілер жиыны              |
|                    | 16:00-18:00 | Салмақ өлшеу, медициналық бақылау және           |

|          |              |                                                                                             |
|----------|--------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|
|          |              | жеребе тарту                                                                                |
|          | 18:00-18:30  | Төрешілер отырысы                                                                           |
| 19 қазан | 10:00- 13:00 | Жарыстың кездесулері                                                                        |
|          | 13:00-14:00  | Түскі үзіліс                                                                                |
|          | 14:00        | <b>Жарыстың ашылу салтанаты</b>                                                             |
|          | 15:00-16:00  | Жарыстың жалғасы                                                                            |
|          | 16.30-20.00  | Салмақ өлшеу, медициналық бақылау және жеребе тарту<br>Ақтық кездесулері, марапаттау рәсімі |
| 20 қазан | 10:00-13:00  | Жарыстың кездесулері                                                                        |
|          | 13:00-14:00  | Түскі үзіліс                                                                                |
|          | 14:00        | Жарыстың жалғасы                                                                            |
|          | 16:30-20:00  | Ақтық кездесулері, марапаттау рәсімі                                                        |
| 21 қазан |              | Командалардың қайту күні                                                                    |

#### **18. Ұйымдастырушылар.**

Жарысқа жалпы басшылық жасауды ҚР Оқу ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – ҰҒПДТО) және «Qazaq kuresi» Ассоциациясы жүзеге асырады.

#### **19. Қаржыландыру.**

Жарысқа қатысушылардың шығындары (жол ақысы, тәулік ақысы, жататын орыны) жіберуші мекемелер есебінен.

Жарыс өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медальдар және баннер;
- төрешілер, дәрігерлер мен қызмет көрсетушілердің еңбек ақысы;
- спорт кешенін, автотранспортты жалға алу «ҰҒПДТО» есебінен.